

«Шапағат» бөбекжай- балабакшасы» МҚҚК

**Тақырыбы:**  
**«Сыбайлас жемқорлық**  
**қоғам дерті»**

(Ұйымдастырылған оку іс- әрекеті)  
«Балдәурен» ересек тобы

Тәрбиешілер: Қаражан Л  
Таубасова С

## **Тақырыбы: Сыбайлас жемқорлық қоғам дерті**

**Мақсаты:** Балаларға сыбайлас жемқорлық туралы түсінік қалыптастыру Отан алдындағы жауапкершілікті арттыру, ұйымшылдық пен тәртіптіліктің тиімді жолдарын таба білуге баулу, балаларды патриоттық тәрбиеге баулу.

**Көрнекілігі:** суреттер, буклеттер, кітаптар

**Әдіс-тәсілдері:** көрсету, түсіндіру, әңгімелесу, көрме, маөал-мәтелдер

### **Шаттық шеңбері**

Біз бақытты баламыз

Айтқан тілді аламыз

Жарқырайды қаламыз

Жайнай түсті даламыз

Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

Қыс мезгілі

Қыс мезгілінде қанша ай бар?

Үш ай бар

Қане атап шығайықшы?

Желтоқсан, қаңтар, ақпан

Иә балалар осы қыс мезгілінде ауа райы қандай болады?

Күн сүйк, аязды, боран соғады.

Жарайсындар!

Балалар бүгін бізде ерекше күн болғалы тұр.

Бізде ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіміздің тақырыбы «Сыбайлас жемқорлық қоғам дерті» туралы өтетін боламыз.

Ең алдымен сендерге түсінік беріп өтейін сыбайлас дегеніміз екі адамның бір-бірімен бірігуі, жемқорлық дегеніміз-екі адамның арасындағы алыс беріс, пара алушы мен беруші, қоғам бұл біздің ортамыз, дерт-ауру дегенді білдіреді. Осы оқу іс-әрекеттің мақсаты балаларды адал жолмен

жүрге, адалдыққа үйрету, сыйбайлас жемқорлық туралы қысқаша өз мемлекетіне жауапкершілікпен қарау және әділдікке тәрбиелеу. Балалар сыйбайластық жемқорлық біздің елде де бар. Бұл үлкен қылмыс. Қоғамымыздың барлық саласына тамыр жайып кеткен. Бірақ оны реттейтін заң орындары бар

**Балалар мына суретке назар аударайықшы?**

Адамдардың әректтері дұрыс па немесе бұрыс па?

**Балалар кезекті мақал-мәтелдерге берейік:**

**Асылжан:**

Заңның құрығы-бәрінен ұзын

**Мансұр:**

Өш алғаннан гөрі-кешірген жөн

**Аңсар:**

Ақырын жүріп-анық бас

**Раяна:**

Асыл тастан-өнер жастан

**Еңлік:**

Тура биде-туған жоқ

**Шерхан:**

Хан болсын, ханға лайық-заң болсын

**Ерасыл:**

Ұрлық түбі-қорлық

**Әділхан:**

Әділ істің-арты иғі

**Топтық жұмыс:**

Жемқорлыққа жол жоқ

## Тәрбиеші:

Қазақ елі байтақ болсын десеңіз

Жемқорлықтың жолын бірге кесеміз

Сонда ғана жер гүлденер, ел байып

Сонда ғана шарықтаймыз өсеміз

Ел болып еңсемізді көтеріп, тәуелсіздігімізді алып, барша әлемге  
тanylдық, мемлекетіміздің тамыры тереңге тарап, нығая тұсуге бағытталған  
құқықтық заңнамалар қабылданды, әлеуметтік жағдайымыз түзеліп, әлем  
мемлекеттерінің ортасынан өз орнымызды айқындағық. Әртүрлі  
кеселдерден айығуды міндет етіп қойдық. Ол жол-сыбайлас, жемқорлықпен  
күрес жолы,